



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы



ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы,
профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы,
публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор,
көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің
85 жылдығына арналған
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана 17 наурыз 2023 жыл

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Қ70

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: Сыдықов Е.Б.

Редакция алқасы: А.Бейсенбай, Қ.Саркенова, Б. Әбдуәліұлы (жауапты шығарушы),
Маликов Қ., Кенжалин Қ.К.

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған «МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 345 б.

ISBN 978-601-337841-1

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, дамуы, бүгінгі көтерілген дәреже-биігі – қазақ ғалымдарының ондаған жылдарғы ұжымдық ізденістерінің жемісі. Осы ұжымның ішінде М.Серғалиевтің есімі оқшау аталатын мамандар қатарында тұрады. Ол тіл білімі, публицистика, әдістеме бағытында қатар еңбек етіп, қазақ руханиятында өзіндік із қалдырды. Бүгінде ғалым-ұстаздың қалыптастырған ғылыми мектебі өз жұмысын жалғастыруда, сонымен қатар серғалиевтану ізденістері де басталып келеді. Жинақта жарық көрген ғалымның ғылыми мұрасына арналған зерттеулер – сол жұмыстардың нақты көрсеткіші.

Конференция Мырзатай Серғалиевтің ғылым мұрасын зерделеуге және жалпы филология мәселелеріне арналған. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337841-1

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

Әдебиеттер тізімі

1. Гальскова Н. Д., Гез Н. И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика //М.: академия. – 2004. – Т. 336. – С. 2.
2. Кладова И. С. Технология полного усвоения программы на уроках английского языка. Методические рекомендации по формированию лексических и грамматических навыков: учебное пособие //Методические рекомендации по формированию лексических и грамматических навыков: учебное пособие. Березники. – 2010. – С. 15.
3. Никишина И. В. Инновационные педагогические технологии и организация учебно-воспитательного и методического процессов в школе: использование интерактивных форм и методов в процессе обучения учащихся и педагогов //Волгоград: Учитель. – 2008. – Т. 105.
4. Аяпова Т. Қазақ тілі (А₁, А₂, В₁, В₂): оқу құралы. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2013. – 384 б.
5. Жапбаров А., Мусина М. Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту. – А.: Кітап, 1989. – 86 б.
6. Рогова Г.В. Методика обучения английскому языку: учеб. пособие для пед. ин-тов и фак. иностр. яз. – Л.: Просвещение, 1975. – 249 с.
7. Соловова Е. Н. Методика обучения иностранным языкам. Базовый курс лекций: пособие для студентов педагогических вузов и учителей. – 2021.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

БАЛАБЕКОВ А.Қ.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты.

Қазақстан, Астана қ.

Аңдатпа. Тілдегі түр-түс атауларын оқыту әдістемесі үлкен бағыт болып саналмағанмен, алайда маңызы жоғары. Түр-түс – адамзаттың қоршаған ортасының маңызды бөлігі. Сол себепті түр-түс атауларын оқытудың әдістемесін жүйелеу, түстерді меңгертуде нәтижелі болмақ. Аталмыш мақалада қазақ тіліндегі түс атауларын тиімді меңгерту жолдары қарастырылады.

Аннотация. Методология преподавания названий цветов на языке не считается большим направлением, но это важно. Цветовая система является важной частью окружающей среды человека. По этому важно систематизировать методику преподавания видов и цветовых систем в языке. В этой статье рассматриваются способы эффективного преподавания названий цветов на казахском языке.

Annotation. The methodology of teaching color system in the language is not a big direction, but it is important. Color system is an important part of the human environment. That is why it is important to systematize the teaching methodology of the color systems. This article discusses ways to effectively teaching color system in the Kazakh language.

Әрбір халықтың қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-тарихи дамуымен тікелей байланыста болатын белгілі бір атаулар жүйесі болады. Мұндай атауларды жан-жақты зерттеу халықтың әлемді танудағы таным-түсінігін анықтауға мүмкіндік береді. Сондай жүйелердің бірі – тілдегі түр-түс атаулары. Түр-түс атауларын қолдану адамзат өмірінің барлық салаларында орын алады. Түс арқылы бір затты екінші заттан ажырату немесе олардың ортақ ұқсастықтарын көрсету халық тілінде еркін көрініс табады. Осы бағыттағы зерттеу лингвистика, әлеуметтану, тарих, мәдениет т.б. салаларда әлі күнге дейін өзекті болып табылады. Зерттеу бағыттары салыстырмалы және салғастырмалы тұрғыда дами отырып, аталмыш атаулардың тек бір тілдегі

көрінісі немесе ұқсас тілдердегі көрінісі көптеген ғалымдардың зерттеулеріне арқау болды. Зерттеулерге сүйене отырып, түс атаулары төмендегідей мағыналық топтарда кездесетінін байқаймыз: 1) негізгі атауыштық мағына (заттардың түр-түс атаулары); 2) географиялық атауларда (жер, су, табиғи құбылыс атаулары); 3) кісі есімдері; 4) тілек, сезім, қадір-қасиет, әдемілік ұғымы; 5) әлеуметтік-қоғамдық, тарихи қолданыста т.б.

Жоғарыда берілген теориялық бөліністер адам баласының ана тілі арқылы дүниені тануында негіз болып табылса, келесі бір жолы сол атауларды тілді оқыту және меңгерту арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі таңда қазақ тіл білімі саласында бірінші бағыт ғылыми тұрғыда зерттелсе, ал әдістемелік жағынан зерттеу жұмыстары әлі де дамытуды қажет етеді.

Тілдегі белгілі бір атауларды, ұғымдарды оқыту немесе меңгерту тілді оқыту әдістемесінде негізінен сөздік қорды үйрету арқылы жүзеге асады. Себебі сөздік қор – жалпы халықтық және әдеби тілдің негізгі өзегі болып табылады, сол арқылы сөйлеуші әлемді тануын түрлі қарым-қатынас актілерінде сөздік қордың түрлі мағыналарын қолдану арқылы ойын сыртқа шығарады. Осыған орай тілдегі түр-түс атауларының да атқаратын қызметі маңызды болып табылады. Әрбір ғылым саласы түр-түс атауларын өз қырынан зерттегенімен, барлық аспектісі адам баласының танымымен тікелей байланыста болады, себебі адам баласы әлемді түстер арқылы танып, оны ажыратады. Осы арқылы қоршаған ортаны түс арқылы тануын физика, психология, кескіндеме секілді салалардағы зерттеу қырлары, атаулардың әр халық тіліне тән ерекшеліктері анықталады.

Адам баласының көру қызметі алғаш іске қосылғанда ең алдымен түстерді ажыратудан, түрлі заттардың кескінін анықтаудан басталады. Мысалы, ғалымдардың зерттеулері бойынша бала өмірінің алғашқы бірінші айында ашық түсті заттарға назар аудара бастап, ең алғаш анықтайтын түс – қызыл. Бұл дегеніміз түстерді пайда болуы белгілі бір заңдылыққа сүйене отырып пайда болуының адам баласының дүниетанымымен тікелей байланысты екенін көрсетеді [1]. Яғни, осы зерттеу нәтижесіне сүйене отырып, оқыту кезінде де мектепке дейінгі, орта білім беру бағдарламаларында ашық түс атауларын бірінші үйрету керектігін дәлелдейді.

Қазақ тілін оқыту немесе меңгерту әдістемесінде зат есімді, етістікті, сын есімді оқыту әдістемесіне оның ішінде жалқы есімдер, күрделі етістіктерді т.б. оқыту әдістемесіне арналған зерттеу еңбектері бар, алайда мақаланы жазу барасында түр-түс атауларын оқытуға арналған еңбектерді кездестіре алмадық. Жалпы тілдегі түс атаулары таза теориялық тұрғыда жан-жақты зерттелген. Мысалы, түс атауларының концепт тұрғысынан, тұрақты сөз тіркестері негізінде зерттеу еңбектері баршылық [2;3;4;5;6].

Жалпы қазақ тіліндегі ғылыми еңбектерде қазақ тілінде негізгі түс атауларының саны 11 екені көрсетіледі [2.7]. Ол түстер: *қызыл, сары, жасыл, көк, күлгін, қоңыр, қара, сұр, боз, ақ, көгілдір* [2.7].

Енді негізгі мәселе осы түс атауларын қалай оқытамыз? Қандай ретпен беру керек және тілдегі барлық түс атаулары оқулықтардағы сөздік қор базасына ену керек пе? деген сұрақтардың жауабын табу, себебі мектеп оқулықтарына барлық түстер берілмеген, алайда оқу материалдарында (мәтін, өлең, мақал, жаңылтпаш т.б.) олардың жиі кездесетінін байқаймыз. Осыдан келіп, егер оқушы түс атауларын меңгермесе олардың мәтіндегі мағынасын қалай түсінеді? деген заңды сұрақ туындайды. Бұл әсіресе, қазақ тілін өзге тілді мектептерде оқыту әдістемесіне тікелей байланысты.

Тілдегі түс атаулары негізі және ауыспалы мағынада қолданылатыны тілдің табиғи құбылысы. Қазақ тілін оқыту барысында негізгі мағынаны меңгерту аса қиындық туғыза қоймайды. Мысалы, *қызыл алма, ақ қағаз, көк дәптер* т.б. Алайда атаулар «*қызыл іңір*», «*көк бөрі*», «*көк шай*», «*ақ жол*» секілді тіркестерде келгенде олардың семантикалық мағынасын түсіндіру оқытушыға да, оқушыға да қиындық тудырады. Осы мәселені шешу жалпы білім беру жүйесі үшін төмендегідей жолдарды ұсынуға болады:

Бірінші бастауыш білім беру жүйесінде:

1. Мектепке дейінгі және бастауыш сыныптарда тілдегі негізгі түс атауларының негізгі мағынасын беру. Яғни, берілетін материалдарда осы аспектіні ескеру керек.

2. Түс атауларын баланың қабылдауына сай ретпен беру. Мысалы, *қызыл, сары, жасыл*. Бұл жерде түстердің жиілігін ескеру маңызды болып табылады.

3. Қазақ тілінде қосымшалар арқылы жаңа түстер пайда болатын ескере отырып, ең жиі кездесетін қосымшалар арқылы жасалған түстерді беру. Мысалы, *сар+ғыш*.

4. Күрделі сөз ретінде берілетін түс атауларын бастауыш білім беру жүйесінде жоғары сыныптарда (3-4) беру.

5. Оқу материалдарында берілетін мәтіндерде жоғарыда аталған ескертулерді басты назарда ұстану.

6. Түс атауларын нақты деректі заттарды сипаттау қызметін басымдыққа алу.

Екінші орта білім беру жүйесінде:

1. Негізгі мағынамен қатар ауыспалы мағынаны қатар беру. Мысалы, *ақ қағаз – ақсақал*; Ә. Қайдар тіліміздегі «шал» сөзінің этимологиясын қарастыра келе, «шал» сөзінің түп-төркіні «ақ» түспен байланысты екен атап көрсетеді. Ғалым: «Мысалы, қазақ тілінде «шал» деген түбір сөз бар. Оның тілімізде қолданылып жүрген мағынасы да белгілі сияқты. Ол - орысша «старик», «жасы келіп, қартайған адам». Ал, шын мәнісінде, о бастағы түпкі мағынасы біраз түркі тілдерінде, соның бірі - қазақ тілінің өзінде де «ақ», «ақ түс» дей келе «Шалкөде»- ақ түсті өсімдік, «Шалқұйрық» – ақ құйрық деген дәлелдер келтіреді [7. 24-25].

2. Оқу материалдарында берілген атауларды қосымша түсіндірме арқылы беріп отыру;

3. Күрделі сөздер арқылы беруде бірінші таза түбір күйінде, сосын барып қосымшалар арқылы жасалған формаларын қамту;

4. Түстердің танымдық, концептілік ұғымдарын нақты деректі заттан, дерексіз затқа қағидасымен беру. Мысалы: оңтүстік – қызыл; солтүстік – қара; шығыс – көгілдір; батыс – ақ [8.160].

5. Технологияның дамуына қатысты жаңа түс құрамдарын жеңілден күрделігі принципі арқылы жүйелеу.

Сонымен қатар жоғарыда келтірілген білім беру жүйелерінде негізгі басымдық ретінде «ашық түстер» және «қою түстер» ұғымын басшылыққа алған жөн. Б. Берлин мен П. Кейдің теориясы бойынша тілдің алғашқы қалыптасу кезеңінде түстерді білдіруде «қою» және «ашық» деген екі ұғым қолданыста болған. Бұл адам баласының «күн» мен «түнді» ғана ажырата алуымен байланысты [1]. Яғни, бала түстерді ең алғаш осы екі ұғым арқылы ажырата алуын оның танымында дүниеге келген бастап қалыптасқандықтан, оқу барысында сол танымды ары қарай жүйелі түрде дамыту белгілі бір нәтиже береді.

Түстерді меңгерту барысында бір затты екінші бір түспен атау құбылысын да ескеру маңызды. Мысалы, түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде көптеген түс атаулары семантикалық қолданысы жағынан ұқсас, алайда түрлі факторларға қатысты кейбір түс атауларының семантикалық қолданасы әртүрлі болып келеді. Сондай қатарға «*жасыл*» және «*көк*», «*боз, бурыл, сұр*» т.б. түс атаулары жатады. Мысалы, мұндай ерекшелік табиғи құбылыс, өсімдік атауларына және өзге де топтарға байланысты. Мысалы, қазақ тіліндегі жоғарыда аталған немесе өзге де ұғымдарды беретін «*көк шай*», «*көк шөп*», «*көк бөрі*», «*көк көз*» т.б. тіркестерін алуға болады. Және «*ақ боз ат*» тіркесін мысал ретінде алуға болады. Қазіргі кезде ауызекі сөйлеуде жылқы малының түсін толық ажырата алмаудан «*боз*» сөзін «*ақ*» сөзімен ауыстырып айту үрдіс болып қалыптасқан, алайда мектеп материалдарында «*ақ боз*» тіркесі кездеседі. Күнделікті өмірде «*ақ*» деп жүрген жылқы малы шын мәнінде «*боз*» екенін оқығанда оқушы танымында шатасу болары сөзсіз. Әрине, мұндай атаулар тарихи-әлеуметтік оқиғалар арқылы тұрмыстық-мәдени өмірге енген. Жоғарыда келтірілген мысалдар мен дәлел, ұсыныстар оқыту

ана тіліндегі мектептер үшін болса, ал оқыту тілі өзге тілді мектептерде берілген ұсыныстар мен мысалдар арасында айырмашылықтар болғандықтан, жүйелі зерттеуді қажет етеді. Сондықтан атаулардың қолданыстық айырмашылығы мен ұқсастығын айқындаудың өзге тілді мектептердегі әдістемелік жағы да маңызды, себебі қазіргі таңда белгілі бір тілді шет тілі немесе екінші тіл ретінде меңгертуде тілдік бірліктердің лексика-грамматикалық қызметін нақтылау тіл үйретуде толық ескерілмеуде.

Мұндай ерешелік ұлттық таныммен тікелей байланысты екенін сөзсіз. Сондықтан бір түс атауы екі халық ұғымында бірдей болмауы мүмкін. Бұл тілді шет тілі ретінде оқытуда маңызды рөл атқарады. Ғалым В. Г. Кульпинаның: «Цвет разлит в природе, но в первую очередь он принадлежность нашего сознания, в том числе этнического, языкового сознания, и он часть мира наших чувств. Одно и то же растение может видеться из Польши и из России по-разному», – деген тұжырымы дәлел бола алады [9.9].

Осындай теориялық зерттеулер тілдегі түр-түс атауларын оқытудың негізін қалыптастыруға, ұқсас тілдерді үйретуде ортақ әдіснама жасауға ықпал етеді. Жасалған әдіснама негізінде атауларды тура, ауыспалы мағынада оқыту маңызды, себебі қазіргі оқу құралдарында атауларды тек белгілі бір заттың, құбылыстың түстік сипатын білдіру мағынасында оқыту іске асырылуда. Бұл дегеніміз – сөздің тек бір қырын ғана таныту. Ал тілді толық меңгеру үшін оның өзге де мағыналарын игерту қажет, себебі әр халықтың танымдық ерекшелігі болады.

Қорыта келе тілдегі түр-түс атауларының танымдық жағын меңгерту теориялық жағынан ғана емес, әдістемелік жағынан да қарастырылуы тиіс. Әрине, әдістемелік жағын дамытуда теориялық еңбектерді негізге алу атауларды толыққанды меңгертуге жол ашады, дегенмен теориялық зерттеулер әдеби тілдегі көріністі басымдық ретінде алғанын да естен шығармаған абзал. Себебі тілді оқыту барысында әдеби нормамен қатар ауызекі сөйлеу нормасы да меңгерілетінін ескеру қажет. Осыған орай түс атауларын оқыту бойынша баланың жас ерекшелігін және білім беру деңгейіне сай беру заман талабы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Berlin B., Kay P. Basic color terms: Their universality an evolution [Text]. - University of California Press, 1969. – 125 p.
2. Қайдаров Ә. Т., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З.Т. Сырға толы түр мен түс [Мәтін]. – Алматы: Қазақстан, 1986. – 157 б.
3. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі [Мәтін]. //– Алматы: «Елтаным баспасы», 2010. – 252 б.
4. Аитова Н.Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы АқМУ, 2006. – 161 бет.
5. Жарқынбекова Ш. Концепты цвета в казахской и русской культурах. –Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 226 с.
6. Ахметжанова Ф.Р., Қайырбаева Қ.Т. Түр-түске байланысты тұрақты сөз тіркестері. Өскемен, ШҚМУ баспасы, 2000, -136 бет.
7. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері [Мәтін]. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 25 б.
8. Кононов, А.Н. Семантика цветообозначений в тюркских языках [Текст] // Тюркологический сборник. – М.: Наука, 1978. – С. 161-170.
9. Кульпина В. Г. Лингвистическая цветология : от истории к современности цветовых концептосфер [Текст] – Москва: МАКС Пресс, 2019. – 288 с.